



№3 «Алға балалар»
балалар бақшасының меңгерушісі:
А.Айсина

Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультативтік пункт туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелері

1.1. Осы ереже МДҰ-ның консультативтік пунктінің қызметін реттейді. Консультативтік пункт МДҰ-ға бармайтын 1-жастан 6 жасқа дейінгі балалар мен олардың ата-аналары (занды өкілдері) үшін құрылады және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын МДҰ-ның құрылымдық бөлімі болып табылады.

1.2. Құру мақсаттары – отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірізділігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (занды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға бармайтын бала тұлғасының жан-жақты дамуын қолдау.

1.3. Негізгі міндеттері:

- балалардың дамуына жағдай жасауға жан-жақты көмек көрсету;
- бала тәрбиесіне, оқуы мен дамуына қатысты әртүрлі мәселелер бойынша консультативтік көмек көрсету;
- балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқушылықтарға кешенді профилактика өткізу;
- МДҰ мен балалар мен ата-аналарды (занды өкілдерді) әлеуметтік және медициналық қолдайтын басқа ұйымдар арасында әрекеттестікті қамтамасыз ету;
- күрделі асқынулардың алдын алу мақсатында ерте кезеңде баланың мүддесіне қатысты жанжалдарды, қиын жағдайларды тану, болжау және шешу.

II. Консультативтік пункт қызметін ұйымдастыру

2.1. Консультативтік пункт төмендегі мәселелер бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) көмек көрсете алады:

- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру.
- Балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері.
- Мектепте оқуға дайындық.

- МДҰ-ға бармайтын мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқушылықтардың алдын алу.

- Білім беру бағдарламасын тандау.

- Ойын қызметін ұйымдастыру.

- Әртүрлі санатты отбасынан шыққан балаларды әлеуметтік қорғау.

2.2.Отбасына көмек көрсету мақсатында Консультативтік пункт мамандары әңгімелесу формасында, диагностикалық зерттеулер жүргізу, балаларды қадағалауды ұйымдастыру арқылы қосымша ақпарат алу үшін балалармен жұмыс жүргізе алады және т. б.

2.3.Консультативтік пунктте ата-аналармен (занды өкілдермен) және балалармен жұмыс әртүрлі формада өткізіледі: топтық, жеке.

2.4.Консультативтік пункт таңғы және (немесе) кешкі уақыттарда аптасына 2–3 рет жұмыс істейді.

2.5.Ата-аналарға (занды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру мына мамандардың қызметтерін ықпалдастыру негізінде құрылады: тәрбиешінің, педагог-психологтың жұмысқа тартылған мамандар саны МДҰ түрімен, оның кадрлық құрамымен анықталады.

2.6.Педагогтердің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен жеңілдіктер ҚР заңнамасымен, еңбек шартымен анықталады.

Консультативтік пунктті ол жанында құрылған МДҰ басшысы тікелей басқарады.